

Халықты жұқпалы ауруларға қарсы вакциналауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 488 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2295 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2295 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығын және "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңын одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.22. N 40 Қаулысымен.

1 . М ы н а л а р :

1) оларға қарсы алдын ала егулер жүргізілетін жұқпалы және паразиттік аурулардың тізбесі;

2) жоспарлы алдын ала егілуге тиіс халықтың топтары;

3) алдын ала егулер жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) алдын ала егулер жүргізу тәртібі мен мерзімдеріне сәйкес халықты вакциналауды;

2) медициналық мекемелері жоқ елді мекендерде тұратын халықты вакциналау мақсатында жылжымалы егу бригадаларының жұмыс істеуін;

3) 14 жасқа дейінгі балаларды егу паспорттарымен қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 23 мамырдағы

№ 488 қаулысымен

бекітілген

Оларға қарсы алдын ала егулер жүргізілетін жұқпалы және паразиттік аурулардың тізбесі

1. Мынадай жұқпалы ауруларға қарсы вакциналау республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүргізіледі:

қ ұ т ы р м а
і ш с ү з е г і
" В " вирусты гепатиті
көктемгі-жазғы кене энцефалиті
д и ф т е р и я
к ө к ж ө т е л
қ ы з ы л ш а
п о л и о м и е л и т
с і р е с п е
т у б е р к у л е з
о б а
э п и д е м и я л ы қ п а р о т и т
b типті гемофилдік жұқпа

2. Мынадай жұқпалы ауруларға қарсы вакциналау жергілікті бюджеттердің қаражатты есебінен жүргізіледі:

" А " вирусты гепатиті
т ұ м а у
к ү й д і р г і
т у л ы а р е м и я
қ ы з а м ы қ ; < * >

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.09. № 1250 , өзгерту енгізілді - 2008.01.22. № 40 Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 23 мамырдағы

№ 488 қаулысымен

бекітілген

Жоспарлы алдын ала егілуге тиіс адамдардың топтары

Жұқпалы ауруларға қарсы вакциналауға мынадай халық топтары жатады:

1) алдын ала егулер жүргізу тәртібі мен мерзімдеріне сәйкес жасы бойынша (туберкулез, іш сүзегі, көкжөтел, қызылша, полиомиелит, сіреспе, эпидемиялық паротит, "В" вирусты гепатиті), қызамық, b типті гемофилдік жұқпа;

2) аса қауіпті жұқпалы аурулардың (көктемгі-жазғы кене энцефалиті, күйдіргі , туляремия, оба) табиғи ошақтарында тұратын және жұмыс істейтін халық;

3) өзінің кәсіби қызметінің түрі бойынша қатер топтарына жататын адамдар, с о н ы ң і ш і н д е :

медицина қызметкерлері ("В" вирусты гепатиті, тұмау);
кәріз және тазалау құрылыстарының қызметкерлері (іш сүзегі);

4) өз денсаулығының жағдайы мен эпидемиологиялық айғақтар бойынша қатер топтарға жататын адамдар:

қанын алмастырғандар ("В" вирусты гепатиті);
иммунитеті әлсіреген (жиі ауыратын және әлсіреген балалар), балалар үйлерінің, сәбилер үйлерінің балалары, қарттар үйлерінің контингенттері (тұмау);

кез келген жануар тістегендер, түкіргендер (құтырма);
тері қабаттары мен шырышты қабықтарының тұтастығы бұзылуынан жарақаттанғандар жараланғандар (сіреспе);

5) эпидемиологиялық айғақтар бойынша "А" вирусты гепатитіне қарсы балаларды вакциналау аурушандығы жоғары өңірлерде жүргізіледі ("А" вирусты гепатиті) .

Ескерту. 1) тармақша толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.09. N 1250 , өзгерту енгізілді - 2008.01.22. N 40 Қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 3 м а м ы р д а ғ ы

N 4 8 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Алдын ала егулерді жүргізу ережесі

1. Халықты алдын ала егуді медициналық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы болған кезде меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалар жүргізеді .

2. Халықты вакциналау қосымшаға сәйкес мерзімдерде жүргізіледі.

3. Егулерді жүргізуге рұқсаты бар жоғары және орта медициналық білімді адамдарға алдын ала егулерді жүргізуге рұқсат етіледі. Рұқсатты жыл сайын арнайы құрылған комиссия береді.

4. Егулерді ұйымдастыру, алдын ала егулерді жүргізетін мамандарды даярлау үшін жауапкершілік егулерді жүзеге асыратын медициналық ұйымдардың басшыларына жүктеледі .

5. Егулер арнайы жабдықталған егу кабинетінде жүргізіледі. Үйде және егуге уақытша жабдықталған үй-жайларда егулерді жүргізуге ерекше жағдайларда - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің арнайы бұйрығымен

жа-сына қа-ра-мас-тан	2) аса қауіпті жұқпалы аурулардың табиғи ошақтарында тұратын және жұмыс істейтін халық	+	+	+	+				
	3) өзінің кәсіби қызметі бойынша қатер топтарына жататын адамдар, соның ішінде:								
	медицина қызметкерлері								+
	кәріз және тазалау құрылыстарының қызметкерлері					+			
	4) өз денсаулығының жағдайы мен эпидемиологиялық айғақтар бойынша қатер								

айғақ- т а р бойынша									+	
----------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК